

Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 18-02/44 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 ақпанда № 10346 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-18) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 27 қаңтардағы
№ 18-02/44
бұйрығымен бекітілген

Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің (бұдан әрі – Орман

кодексі) 13-бабы 1-тармағының 18-18) тармақшасына сәйкес әзірленді және орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасына бақылау жасау тәртібін айқындайды.

2. Орман тұқымдарын дайындауды, өңдеуді және сақтауды олардың селекциялық: сортты, жақсартылған, қалыпты санаттары бойынша мемлекеттік орман иеленушілері бөлек жүзеге асырады.

3. Орман тұқымдарының, ал кейіннен отырғызу материалының және өсірілген жасанды орман екпелерінің шығу тегі мен генетикалық сапасының жойылуына жол бермеу мақсатында орман тұқымдарын дайындау, өңдеу және сақтау біртекті партиялармен жүзеге асырылады.

2. Орман тұқымдарын дайындау тәртібі

4. Орман тұқымдарын дайындау тұрақты орман тұқым базасы объектілерінде жүзеге асырылады, ал олар жетіспеген жағдайда қалыпты екпелерде дайындауға жол беріледі.

5. Орман тұқымдарын дайындау кезінде:

1) орман тұқымдарын орман өсіру жағдайларына сәйкес пайдалануға кепілдік беретін түрлер бойынша орман тұқымдарының бөлек жиналуын қамтамасыз ету;

2) орман тұқымдарының жоғары сапалы болуы тән жеміс беретін объектілерінде орман тұқымдарының барынша көп жиналуын қамтамасыз ету;

3) орман тұқымдарын дайындауды бір текке жататын алуан түрлер бірге өскен жағдайда түрлері бойынша бөлек, ал фенологиялық нысандары анық байқалатын ағаш түрлерінің тұқымы үшін - осы нысандар бойынша бөлек жүргізу қажет.

6. Алып тасталды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Орман тұқымдарының күтілетін өніміне болжам жасау осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес орман тұқымдарының күтілетін өнімін көз мөлшерімен бағалау шәкілі (В.Г. Каппер бойынша) бойынша жүргізіледі.

8. Себу сапасы жоғары орман тұқымдарын алу үшін жаппай дайындаудың алдында орман тұқымдарын бақылау мақсатында жинау мен олардың себу сапасын анықтау өткізіледі. Орман тұқымдарын ұшарбасының әр қабатынан осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес орташа үлгінің мөлшерлі салмағы көлемінде жинайды.

9. Орман тұқымдарын бақылау мақсатында жинау және дайындау осы Қағидалардың 3-қосымшасында сәйкес Қазақстандағы негізгі ағаш және бұта тұқымдыларының гүлдеу, пісіп-жетілу және олардың жемістерін, бүрлерін және тұқымдарын жинау күнпарағында көрсетілген мерзімде олар толық піскеннен кейін жүзеге асырылады.

10. Орман тұқымдары дайындау өсіп тұрған, кесілген ағаштар мен бұталардан, сондай-ақ жер бетінен (шашылып қалған тұқымдар) дайындалады.

11. Орман тұқымдарын дайындау кезінде оларды есепке алу жүргізіледі және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша орман тұқымдарын есепке алу кітабы толтырылады.

3. Орман тұқымдарын өңдеу тәртібі

12. Қылқан жапырақты ағаштардың тұқымдарын өңдеудің толық циклы: бүрлерді сұрыптауды, бүрлерден тұқымдарды ажыратып алуды, тұқымдарды қанатсыздандыруды, оларды қоспалардан тазартуды, сұрыптауды, іріктеуді және ауа құрғақ жай-күйіне (ылғалдығы 12-15%) дейін кептіруді қосады.

13. Жапырақты ағаш түрлерінің құрғақ жемістерін жинап алғаннан кейін шіріп кетпеуі үшін оларды ауа құрғақ ахуалдығына дейін кептіреді.

14. Жапырақты ағаш түрлерінің шырынды жемістерін бұзылып кетпес үшін тұқымын ажыратып алу мақсатында өңдеуге жіберіледі. Жеміс етінен ажыратылған тұқымдары ауа құрғақ ахуалдығына дейін кептіріледі.

15. Орман тұқымдарын өңдеудің ерекшеліктері осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес ағаштар мен бұталардың алуан түрлерінің бүрлерін, жемістерін және тұқымдарын жинау, өңдеу және сақтау ерекшеліктерінде келтірілген.

16. Орман тұқымдарын өңдеу үдерісіне орман тұқымдарының сапасын бағалау кіреді, ол орташа үлгісін талдау негізінде жүзеге асырылады.

17. Орман тұқымының орташа үлгісін орман тұқымдарының қалыптастырылған партиясынан үлгілер сұрыптау және бастапқы үлгіні құрау жолымен алады.

18. Осы Қағидалардың 6, 7 және 8-қосымшаларына сәйкес паспорттары, заттаңбалары және орта үлгілерді іріктеу актілерімен сұрыптап алынған орман тұқымдарының орташа үлгілерін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның мамандандырылған ұйымына (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) олардың себу сапасын анықтау үшін жібереді.

19. Орман тұқымдар партиясын қалыптастырудың, үлгілерді сұрыптаудың және орташа үлгіні құраудың ерекшеліктері осы Қағидалардың 9-қосымшасында келтірілген.

4. Орман тұқымдарын сақтау тәртібі

20. Егістік мақсаттағы арналған орман тұқымдары арнайы қоймаларда (тұқым қоймаларында), ал олар болмаған кезде - осыған лайықталған құрғақ үй-жайларда осы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген ағаштар мен бұталардың алуан түрлерінің бүрлерін, жемістерін және тұқымдарын жинау, өңдеу және сақтау ерекшеліктеріне сәйкес сақталады.

21. Орман тұқымдарын сақтайтын үй-жайлар ауа сору-тарту желдеткіштерімен, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мен температурасын тіркеуге арналған приборлармен жабдықталады. Бұл ретте үй-жай ішіндегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспауға тиіс. Үй-жай орман тұқымдарын сақтайтын қажетті ыдыспен және үлгілер сұрыптауға арналған құрал-сайманмен қамтамасыз етіледі.

22. Орман тұқымдарын цемент, асфальт, тас немесе жер едендерде ашық күйінде сақтауға, сондай-ақ тұқымды қант, тұз және химиялық препараттар салынған ыдыстарда сақтауға болмайды.

23. Қоймаларда орман тұқымдарын сақтауға қатысы жоқ бөтен заттарды, материалдарды және мүкәммалды сақтауға болмайды.

5. Орман тұқымдарын пайдалану тәртібі

24. Орман тұқымдарын пайдалану ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезінде орман тұқымдарын пайдаланудың географиялық және экологиялық аймағын (пайдалану шекарасын) регламенттейтін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 19 наурыздағы № 25-02-02/110 "Орман тұқымдарын аудандастыруын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7581 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

25. Ормандар себуге және отырғызу материалын өсіруге арналған барлық орман тұқымдары олардың себу қасиеттерін айқындауға жатады.

26. Орман тұқымдарының себу сапасын олардың ұлттық стандарттарға, техникалық шарттарға және себу үшін іске асыруға және пайдалануға жататын орман тұқым шаруашылығы бойынша басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін айқындауды мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

27. Орман тұқымдардың себу сапасы айқындалып, оларға мамандандырылған ұйымның оң қорытындысы алынғаннан кейін олар пайдалануға жіберіледі.

28. Мамандандырылған ұйымның теріс қорытындысы алынған орман тұқымдар ормандар себу және отырғызу материалын өсіру үшін пайдалануға жіберілмейді.

6. Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану сапасына бақылау жүргізу тәртібі

29. Орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану сапасына бақылау жасауды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

30. Бақылау ол жасалатын жерге барып, мемлекеттік орман иеленуші өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады, бұл ретте орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу,

сақтау мен пайдалану жөнінде жүргізілетін іс-шаралардың осы Қағидалар мен Орман кодексінің 80-бабының талаптарына сәйкестігі анықталады.

31. Тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік орман иеленушілер уәкілетті органның немесе аумақтық органдардың лауазымды тұлғаларына қажетті материалдар ұсынады, туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктемелер береді, сондай-ақ орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау, пайдалану жүзеге асырылатын орынға олармен бірге барады.

32. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның немесе аумақтық бөлімшелердің лауазымды тұлғасы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның нәтижелері туралы Акт жасайды.

Орман тұқымдарын дайындау,
қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану
және олардың сапасын бақылау
жасау қағидаларына
1-қосымша

Орман тұқымдарының күтілетін өнімін көз мөлшерімен бағалау шәкілі

(В.Г.Каппер бойынша)

Гүлдену және жеміс беру баллы	Балл сипаттамасы
1	2
Ағаш тұқымдылар үшін	
0	Гүлденбеген және өнім бермеген
1	Тым нашар гүлденген немесе тым нашар өнім берген (орман шетінде өсіп тұрған ағаштарда, жеке дара тұрған ағаштарда гүлдері, бүршіктері немесе жемістері аз мөлшерде және алқаағаштарда болымсыз мөлшерде)
2	Нашар гүлденген және нашар өнім берген (еркін тұрған ағаштарда және орман шетінде өсіп тұрған ағаштарда айтарлықтай қанағаттанарлық дәрежеде және біркелкі гүлденуі немесе жеміс беруі байқалады және алқаағаштарда - нашар)
3	Гүлденуі орташа немесе өнім беруі орташа (еркін тұрған ағаштарда және орман шетінде өсіп тұрған ағаштарда гүлденуі немесе жеміс беруі айтарлықтай елеулі мөлшерде, орта жастағы және пісіп-жетілген алқаағаштарда – қанағаттанарлық)
4	Жақсы гүлденген немесе жақсы өнім берген (еркін тұрған ағаштарда және орман шетінде өсіп тұрған ағаштарда гүлденуі немесе жеміс беруі мол, орта жастағы және пісіп-жетілген алқаағаштарда – жақсы)
5	Тым жақсы гүлденген немесе тым жақсы өнім берген (еркін тұрған ағаштарда және орман шетінде

	өсіп тұрған ағаштарда, сондай-ақ орта жастағы және пісіп-жетілген алқағаштарда гүлденуі немесе жеміс беруі - мол)
Бұталар үшін	
1	Нашар гүлденген немесе жеміс берген (гүлдер немесе жемістер бірлі-жарым күйінде кездеседі)
2	Гүлденуі немесе жеміс беруі орташа (шамамен тең жартысында гүлдер немесе жемістер жеткілікті мөлшерде)
3	Жақсы гүлденген немесе жеміс берген (басым көпшілігі немесе іс жүзінде барлық бұталар молынан гүлденеді немесе жеміс береді)

Ескертпе:

1. Бірыңғай шәкіл бойынша жаппай орман тұқымын дайындау үшін пайдаланылатын селекциялық санаты әртүрлі барлық жеміс беретін екпелерде алдын ала тексеру жүргізіледі.

2. Орман тұқымдарының күтілетін өнімін болжау алдын ала бөлінген көлемі кемінде 0,25 гектар сынақ алаңқайларында көзбен шолып-байқау әдісімен жүргізіледі.

Орман тұқымдарын дайындау,
қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану
және олардың сапасын бақылау
жасау қағидаларына
2-қосымша

Орташа үлгінің массасы

р/с №	Түр атауы	Бір үлгі іріктеп алынатын партияның ең жоғары массасы, килограмм	Орташа үлгінің массасы, грамм
1	2	3	4
1	Кәдімгі өрік <i>Armeniaca vulgaris</i> Lam.	500	2500
2	Бұталы тұшакұрай <i>Amorpha fruticosa</i>	100	100
3	Кәдімгі бөріқарақат <i>Berberis vulgaris</i> L.	100	100
4	Салпыншақ қайың (қотыр қайың) <i>Betula pendula</i> Roth (<i>B. verucosa</i> Ehrh.)	75	25
5	Шығыс биотасы (<i>Biota orientalis</i> Endl)	100	150
6	Кәдімгі қынағаш <i>Ligustrus vulgare</i> L.	100	200
	Кәдімгі долана		

7	<i>Crataegus oxyacanth</i> L.	100	300
8	Бұталы шиесі <i>Cerasus fruticosa</i> (Pall.) G. woron	200	400
9	Кәдімгі шиесі <i>Cerasus vulgaris</i> Mill.	400	500
10	Жылтыр шегірін <i>Ulmus laevis</i> Pall.	100	50
11	Жербауырлы шегірін <i>Ulmus pinnato-ramosa</i> Dieck.	100	75
12	Үш тікенді қарамала (<i>Gleditsia triacanthos</i> L.)	400	500
13	Кәдімгі алмұрт <i>Pirus communis</i> L.	100	150
14	Сәнтал, көрік тал <i>Cornus sanguinea</i> L.	200	300
15	Жүзгін <i>Calligonum</i>	200	500
16	Кәдімгі емен <i>Quercus robur</i> L.	5000	2500
17	Кәдімгі шырша <i>Picea abies</i> (L.) Karst.	50	50
18	Сібір шыршасы <i>Picea obovata</i> Lebed.	50	50
19	Шренк шыршасы <i>Picea Schrenkiana</i> Fet. M	50	75
20	Кәдімгі ұшқат <i>Lonicera xylosteum</i> L.	50	50
21	Татар ұшқаты <i>Lonicera tatarica</i> L.	50	50
22	Кәдімгі шәңгіш <i>Viburnum opulus</i> L.	200	150
23	Сары қараған <i>Saragana arborescens</i> Lam.	100	200
24	Ақ үйеңкі <i>Acer pseudoplatanus</i> L.	300	500
25	Сүйір жапырақты үйеңкі платановидный <i>Acer platanoides</i> L.	300	500
26	Дала үйеңкісі <i>Acer campestre</i> L.	200	300
27	Татар үйеңкісі <i>Acer tataricum</i> L.	200	300
28	Ат талшыны <i>Aesculus hippocastanum</i> L.	2000	3500

29	Ірі жапырақты жөке <i>Tilia platyphyllos</i> Scop.	300	500
30	Ұсақ жапырақты жөке <i>Tilia cordata</i> Mill.	200	300
31	Сібір балқарағайы <i>Larix sibirica</i> Ledeb.	50	75
32	Жіңішке жапырақты жиде <i>Elaeagnus angustifolia</i> L.	200	500
33	Виргин аршасы <i>Juniperus virginiana</i> L.	100	200
34	Кәдімгі арша <i>Juniperus communis</i> L.	100	150
35	Қарашайыр шырғанақ <i>Hippophae rhamnoides</i> L.	100	150
36	Грек жаңғағы <i>Juglans regia</i> L.	1000	5500
37	Кәдімгі шабдал <i>Persica vulgaris</i> Mill	1000	2500
38	Сібір самырсыны <i>Adies sibirica</i> Ltdeb	100	100
39	Ақ қараған <i>Robinia pseudoacacia</i> L.	100	150
40	Итраушан <i>Rosa canina</i> L.	100	150
41	Кәдімгі шетен <i>Sorbus aucuparica</i> L.	50	25
42	Ақ сексеуіл <i>Haloxulon persicum</i> Bge.	500	50
43	Қара сексеуіл <i>Haloxulon arillum</i>	500	50
44	Жалқын <i>Cotinus coggygia</i> Scop.	75	75
45	Тікенді қараөрік <i>Prunus spinosa</i> L.	400	750
46	Соғды қара өрігі <i>Prunus divarigata</i> Ldb.	500	1500
47	Сары қарақат <i>Ribes aureum</i> pursh	30	30
48	Палецк сараңы (Палецк шеркезі) <i>Salsola paletziana</i> Litv.	500	100
49	Шеркез сараңы <i>Salsola richteri</i> (Моq.)	500	100
50	Самырсын қарағай <i>Pinus sibirica</i> Du Tour	500	1000

51	Кәдімгі қарағай Pinus silvestris L.	50	50
52	Батыс бозаршасы Tujа occIdentalis L.	30	25
53	Ақ тұт Morus alba L.	30	30
54	Қаратұт Morus nigra L.	30	25
55	Орман алмасы Malus silvestris (L.) Mill.	100	150
56	Паллас немесе сібір алмасы Malus pallasiana Juz.	75	50
57	Жасыл шаған Fraxinus lanceolata Borkh.	200	300
58	Кәдімгі шаған Fraxinus excelsior L.	200	400
59	Соғды шағаны Fraxinus sogoliana Bge	200	300

Ескертпе:

1. Ең жоғары массаның 1/25 бөлігін құрайтын орман тұқымы партиясы шағын партия деп есептеледі.

2. Массасы бойынша шағын партиядан орташа үлгі үшін белгіленген массаның жартысын құрайтын орман тұқымы үлгісі іріктеп алынады.

3. Бір түр орман тұқымдары партияларының массасы бойынша шағын бірнеше партияны араластыруға болмайды және олардан бір орташа үлгі іріктеп алуға жол берілмейді.

4. Артықшылығы бар ағаштардан және ерекше бағалы тұқымды ағаштарынан жиналған орман тұқымдары үшін орташа үлгілердің белгіленген массасын сақтамауға болады.

Орман тұқымдарын дайындау,
қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану
және олардың сапасын бақылау
жасау қағидаларына
3-қосымша

**Қазақстандағы негізгі ағаш және бұта тұқымдыларының гүлдеу,
пісіп-жетілу және олардың жемістерін, бұрлерін және тұқымдарын
жинау күнпарағы**

Р/с №	Түр атаулары	Уақыты (айлар)			
		гүлдеуі	пісуі	жиналуы	піскен жеміс пен бұрдің түр-түсі

1	2	3	4	5	6
Қылқан жапырақтылар					
1	Сібір шыршасы	У-VI	УІІІ	УІІІ-ІХ	құба
2	Шренка шыршасы	У	ІХ	ІХ	қоңыр жылтыр
3	Сібір балқарағайы	ІУ-V	УІІІ-ІХ	УІІІ-ІХ	ашық-сары немесе қоңыр-сары
4	Кәдімгі арша	ІУ-V	ІХ	ІХ-Х	кара-көкшіл
5	Зеравшан аршасы	ІУ-V	ІХ	Х	кара-қошқыл
6	Түркістан аршасы	ІУ-V	VII	ІХ	жылтыр кара
7	Сібір самырсыны	У-УІ	УІІІ-ІХ	ІХ-Х	құба, ашық-құба
8	Сібір балқарағайы	VI	VIII-IX	IX	сұр-қоңыр
9	Кәдімгі қарағай	V-VI	IX-X	X-III	сұр, сұр-құба, кара-қоңыр, қызғылт қоңыр
10	Батыс бозаршасы	ІУ-V	ІХ-Х	ІХ-Х	сұр-қоңыр, кара-қоңыр
Жалпақ жапырақтылар					
11	Кәдімгі өрік	III-IV	УІ-УІІІ	УІ-УІІІ	қызыл-сары
12	Ақ қараған немесе ақ инеш	У-УІ	ІХ	ІХ-ХІІ	қоңырлау-сары
13	Сары қараған	У-УІ	УІ-УІІ	УІ-УІІ	сары-құба
14	Тушакұрай	УІ-УІІ	ІХ-Х	ІХ-Х	қоңырлау
15	Салпыншақ қайың	ІУ	УІІ-VIII	УІІ-VIII	сары-жасыл, сары-қоңыр
16	Кәдімгі қынаағаш	У-УІ	УІІІ-ІХ	ІХ-ХІ	кара, жылтыр
17	Кәдімгі долана	У-УІ	УІІІ	УІІІ	құба-қызыл, сары
18	Кәдімгі аюбадам	У	УІІ-УІІІ	УІІІ	қызыл, қызғылт-сары
19	Дала шиесі	У	УІІ	УІІ	қызыл
20	Жылтыр шегіршін	III-IV	V	V	сұр
21	Кішкі жапырақты шегіршін	III-IV	IV-V	IV-V	құм түсті
22	Кәдімгі қарала	У-УІ	ІХ-Х	ІХ-ХІІ	кара-қоңыр, жылтыр
23	Кәдімгі алмұрт	IV-V	УІІІ-Х	УІІІ-Х	көк-жасыл
24	Сәнтал, көріктал	УІ	ІХ	ІХ-Х	кара

25	Емен	ІҮ-Ү	ІХ-Х	ІХ-Х	кара-қоңыр, жылтыр
26	Кәдімгі ұшқат	Ү-ҮІ	ҮІІІ-ІХ	ҮІІІ-ІХ	қою-қызыл
27	Татар ұшқаты	Ү-ҮІ	ҮІІ-ҮІІІ	ҮІІ-ҮІІІ	ақшыл-қызғылт, шымқай-қызыл
28	Ақ тал	ІҮ-Ү	V-VI	V-VI	сары-қоңырлау
29	Шәңгіш	Ү-ҮІ	ІХ	ІХ	ашық-қызыл
30	Сәнағаш	ҮІ-ҮІІ	ІХ-Х	ІХ-ХІ	құба
31	С ү й і р жапырақты үйеңкі	ІҮ-Ү	ІХ	ІХ-Х	құба-қоңыр
32	Дала үйеңкісі	ІҮ-Ү	ҮІІІ-ІХ	ІХ-Х	жасыл-құба, қоңыр-құба
33	Татар үйеңкісі	Ү-ҮІ	ҮІІІ-ІХ	ІХ-Х	сары-қызыл, құба-қызыл
34	Ат талшыны	Ү-ҮІ	ІХ-Х	ІХ-Х	жасыл, жылтыр қоңыр
35	Ү л к е н жапырақты жөке	ҮІ-ҮІІ	ІХ-Х	ІХ-Х	кара-сұр
36	Кіші жапырақты жөке	ҮІ-ҮІІ	ІХ-Х	ІХ-ХІІ	құба-қоңыр
37	Жіңішке жапырақты жөке	Ү-ҮІ	ІХ-Х	ІХ-Х	ақшыл
38	Шырғанақ	ІҮ-Ү	ҮІІІ-ІХ	ІХ-Х	қызыл, қызғылт сары құба
39	Грек жаңғағы	ІҮ-Ү	ҮІІІ-Х	ІХ-Х	сары құба, ақшыл-қоңыр
40	Жабысқақ қандыағаш	ІІІ-ІҮ	Х-ХІ	Х-ХІ	қызыл-құба
41	Кәдімгі шабдал	ІҮ	ҮІІ-ІХ	ҮІІ-ІХ	сары-қызғылт барқыт түсті
42	Итті раушан	Ү-ҮІ	ІХ-Х	Х	қызғылт-сары, қызыл
43	Кәдімгі шетен	Ү-ҮІ	ҮІІІ-ІХ	ІХ-Х	қызғылт-сары
44	Ақ сексеуіл	ІІІ-ІҮ	Х	Х	ашық-сары, ашық
45	Қара сексеуіл	ІІІ-ІҮ	Х	Х	сұр
46	Жалқын	Ү-ҮІ	ҮІ-ҮІІ	ҮІ-ҮІІ	сұр-қоңырлау
47	Тікенді қараөрік (шомырт)	ІІІ-ІҮ	ҮІІ-ІХ	ҮІІ-ІХ	кара-көк
48	Соғды қараөрік (алша)	ІІІ-ІҮ	ҮІІІ-ІХ	ҮІІІ-ІХ	күргін, сары-жасыл, қызылшие
49	Сары қарақат	Ү	ҮІІ	ҮІІ	кара-күнгін
50	Қара қарақат	Ү	ҮІІ	ҮІІ	кара

51	Шығыс сораңы (қара шеркез)	ҮІ-ҮІІ	X	X-XI	сұр
52	Рихтер сораңы (Рихтер шеркезі)	ҮІ-ҮІІ	X	X-XI	сұр-күміс
53	Бальзам терегі	ІҮ-Ү	ҮІ	ҮІ	жасыл-құба
54	Ақ терек	ІІІ-ІҮ	Ү-ҮІ	Ү-ҮІ	ашық-жасыл
55	Қара терек	ІҮ	Ү-ҮІ	Ү-ҮІ	жасыл
56	Б а т ы с бозаршасы	ІҮ-Ү	ІХ-Х	ІХ-Х	ақшыл-сары
57	Ақ тұт	Ү	Ү-ҮІІ	Ү-ҮІІ	ақ, жасылды-ақ
58	Қаратұт	Ү	ҮІ-ҮІІ	ҮІ-ҮІІ	қара-қызыл, қара-сия
59	Сиверс алмасы	V-VI	VІІІ-ІХ	VІІІ-ІХ	сары-жасыл, кейде қызғылт реңімен
60	Жасыл шаған	ІҮ-Ү	ІХ	ІХ-Х	құба
61	Кәдімгі шаған	ІҮ-Ү	ҮІІІ-ІХ	ІХ-ХІ	жасыл-құба
62	Соғды шағаны	ІҮ-Ү	ІХ	ІХ-Х	құба

Ескертпе:

1. Күңтізбеде жаппай гүлденуінің және жемістердің (бүрлердің) пісуінің мөлшерлі мерзімдері көрсетілген, олар қолайсыз жағдайларда кешірек басталуы мүмкін. Орман тұқымдарын жинау үшін сондай-ақ болжамды мерзімдер келтірілген. Сары қараған, қайың, терек пен көкталдың жемістері мен сырғаларын толық піспей тұрып біраз ертелеу жинайды, өйткені піскеннен кейін орман тұқымдары тез шашылып қалады.

2. Кәдімгі шағанның, қабыржықтың және итмұрынның жемістерінде орман тұқымдарын себуге неғұрлым ойдағыдай әзірлеу үшін біраз піспеген күйінде жинаған жақсы.

Орман тұқымдарын дайындау,
қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану
және олардың сапасын бақылау
жасау қағидаларына
4-қосымша

Орман тұқымдарын есепке алу кітабы

Орман тұқымы _____ түр атауы

Осы орман тұқымы партиясы паспортының № және толтырылған күні	Орман тұқымы дайындалған жері (алынған) орман тұқым ауданының, кіші ауданының индексі, шаруашылығы, орманшылығы	Орман тұқымы массасы, кило-грамм	Орман тұқымының селекциялық санаты (сорты, жақсартылған, жақсы)	Орман тұқымы сапасы	
				Тұқым сапасы туралы құжаттың толтырылған № және күні	Тұқым сапасы туралы құжаттың қолданылу мерзімі

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

кестенің жалғасы

Орман тұқымы сапасы	Орман тұқымының шығымы, кг			Жыл басына кондициялы орман тұқымдарының қалдығы, кг
Сапа сыныбы, өнгіштігі % (өміршеңдігі)	Тұқымның жұмсалуды немесе жұмсалғаны есептен шығарылуы барлығы, оның туралы құжаттың № ішінде өткізілді және күні	Жұмсалғаны барлығы, оның	Есептен шығарылды (кондициялы емес)	
7	8	9	10	11

Ескертпе: Орман тұқымдарын есепке алу кітабы нөмірленуге, жіппен байлануға және тұқым дайындаушы орман иеленушінің (орман пайдаланушының) мөрімен куәландырылуға тиіс.

Орман тұқымдарын дайындау,
қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану
және олардың сапасын бақылау
жасау қағидаларына
5-қосымша

Ағаштар мен бұталардың алуан түрлерінің бүрлерін, жемістерін және тұқымдарын жинау, өңдеу және сақтау ерекшеліктері

р/с №	Бүрлер мен жемістерді жинау	Бүрлер мен жемістерді өңдеу. Орман тұқымдарын тазалау	Жалпы массадан бүрлер мен жемістерден орман тұқымдар шығымы, %	Орман тұқымдарын сақтау		
				Сақтау тәсілдері	Сақтау мерзімі, жыл	Тұқымның оңтайлы ылғалдылығы %
1	2	3	4	5	6	7
Сібір шыршасы, Шренк немесе Тянь-Шань шыршасы						
	Бүрлерді олар селекциялық тұқым шаруашылығы объектілерінде, сондай-ақ қалыпты алқа	Тұқымдарды бүрлерден бүркептіргіштерде 30-40°C температурада ашылғанға дейін және одан кейін олар толық ашылғанға дейін 45 C аспайтын температура жағдайында				

1	ағаштарда өсіп тұрған ағаштардан қоңыр түске боялған кезінде жинайды, УОТУ-лерде және кеспе ағаштарда бүрлерді кесілген ағаштардан жинауға болады.	алады. Бүрлерді күн бүркептіргіштерінде кептіруге болады. Алынған тұқым қанатсыздандырылғандарда, тұқым тазарту машиналарын да, суға шаю тәсілімен немесе қолмен қанатсыздандырылады, ал содан соң елеуіштерде немесе жел өтіне қолмен желдетіледі.	2-4	Бітеу жабылатын шыны шөлмектерде, сиймдылығы 25 литрге дейін металл немесе полиэтилен құтыларда	3-4	6-7,5
---	--	---	-----	---	-----	-------

Сібір балқарағайы

2	Бүрлерді тұқым толық піскенге дейін 15 - 20 күнтізбелік күн қалғанда негізінен селекциялық тұқым объектілерінде және қалыпты алқа ағаштардан Бүрлерді қолмен жұлып алады, бүр алғыштармен тарайды, жеңіл ағаш таяқтармен сабалайды. Бүрлерді УОТУ-лерде	Тұқымдарды бүрлерден бүркептіргештерде 30-40°C температурада алдын ала кептірілген бүрлерден алғашқы бүрлер ашыла бастағанға дейін және одан кейін олар толық ашылғанға дейін 45 C аспайтын температура жағдайында алады. Бүрлерді күн бүркептіргіштерінде кептіруге болады. Алынған тұқым қанатсыздандырылғандарда,	4-6	Бітеу жабылатын шыны шөлмектерде, сиймдылығы 25 литрге дейін металл немесе полиэтилен құтыларда		8-9
---	---	--	-----	---	--	-----

	кесілген ағаштардан және кеспеағаштарда қалыпты алқаағаштардан жинауға болады.	тұқым тазарту машиналарын да, суға шаю тәсілімен немесе қолмен қанатсыздандырылады, ал содан соң елеуіштерде немесе жел өтіне қолмен желдетіледі.			4-5	
Кәдімгі арша, зерашан, түркістан және басқа да аршалары						
3	Бүржидектерді піскеннен кейін (өзіне тән бояуы болады) үсік басталмай тұрып қолмен жинайды. Үсіктен кейін бүржидектер жерге түсе бастайды.	Бүржидектерді 3 - 4 күнтізбелік күн суға немесе марганец қышқылы калийдің 0,5% ерітіндісіне салып қояды, содан соң ағаш ыдыста ағаш оқтаулармен ұнтақтайды немесе кедір-бұдыр екі тақтайдың арасына салып, електе немесе тұқым тазарту машиналарын да үгітеді. Содан кейін тұқымды сумен шайып, електерге 1,5-2 сантиметр қалыңдықта жайып кептіреді.	8-10	бұл да	2-3	
Сібір майқарағайы						
	Бүрлерді селекциялық тұқым шаруашылығы	Бүрлер жақсы пісу үшін оларды жақсы желдетілетін бөлмелерге шашып қойып				

4	<p>объектілерінде және қалыпты алқағаштарда өсіп тұрған ағаштардан ұшар бастардың оңтүстік секторларда олар өзіне тән түске боялып, ішінара шашыла бастаған кезде жинайды. Кеспеағаштарда бүрлерді кесілген ағаштардан жинауға болады.</p>	<p>, күніне 1-2 рет араластырады. Тұқымды бүрлерден машинада алу ұсынылады. Машина болмаған жағдайда ашылған бүрлерді қаптарда қолмен үгітеді, тұқымды қабыршақтардан және өзектерден електерде ажыратады, канатсыздандырады және желдетеді.</p>	20	<p>Бітеу жабылатын шыны шөлмектерде, сиымдылығы 25 литрге дейін металл немесе полиэтилен құтыларда</p>	2	11-12
---	--	--	----	--	---	-------

Сібір самырсын қарағайы (сібір самырсыны)

5	<p>Бүрлерді (піскен) жинауды өсіп тұрған ағаштардан оларды сырқпен сілку немесе бұтақтарын таяқпен сабалау арқылы жүргізеді. Өнім мол болған жылдары бүрді жерден қар еріп кеткеннен кейін де жинайды.</p>	<p>Бүрлерді ұсақтайды және тұқымдарды үгіту аппараты бар машиналарда қоспалардан тазартады. Машина болмаған жағдайда бүрлерді ағаш үгіткіш терде ұсақтайды, қисық таяқтармен ұнтақтайды. Тұқымды електерде тазартады. Дайындалған тұқымдарды 10-15 см қалыңдықпен күн көзінде кептіреді. Көп тұқымды астық</p>	Сібір самырсын қарағайы – 24-25	<p>Құрғақ, салқын үй-жайларда жәшіктерде, қоймаларда, камбаларда. Шұңқырларда, траншеяларда құмқабаттары н төгу арқылы сақтайды.</p>	1 2	
---	--	--	---------------------------------	--	--------	--

		кептіргештер ді кептіруге болады				12-16 -
Кәдімгі қарағай						
6	Бүрлерді ГОТБ объектілерінд е және қалыпты алқағаштард а өсіп тұрған ағаштардан қыркүйек-қаз анда (ерте жинау) және қарашадан наурызға дейін жинайды. УОТУ мен үстіміздегі жылғы кеспеағаштар да кесілген ағаштардан жинауға болады.	Тұқымды бүрлерден бүркептіргішт ерде 50-60 °С температурад а ажыратып алады. Ерте жиналған бүрлер толық пісуі үшін оларды жақсы желдетілетін жерлерге 1-2 ай қояды, мезгіл-мезгіл араластырып тұрады және сақтауға қойылған соң 1-3 айдан кешіктірмей өңдейді. Тұқымдарды механикалық тәсілмен немесе су бүрку арқылы қанатсызданд ырады және сұрыптайды.	1	Бітеу жабылатын шыны шөлмектерде, сиымдылығы 25 литрге дейін металл немесе полиэтилен құтыларда	5-6	6-7,8
Батыс бозаршасы						
7	Бүрлерді піскен кезінде өсіп тұрған ағаштардан бірден жинайды	Бүрлерді кұрғақ үй-жайда жерге жайып брезентте немесе сөрелерде кептіреді және тұқым тез түсу үшін араластырады .	4-10	бұл да	2-3	-
Кәдімгі өрік						
		Тұқымның шағын партияларын дайындау				

8	Жемістерін піскен кезінде бұтақтарынан қолмен үзіп алып немесе (жаппай піскен кезде) жерге төселген төсеніштерге сілку арқылы жинайды.	кезінде қолмен жинаған соң 1-2 күнтізбелік күн ішінде жемістерді кесіп, сүйектерін жемістерден ажыратып алады немесе тұқымның үлкен партиясын дайындағанда сүйек шығаратын машиналар пайдаланылады. Сүйектерді 4-5 сантиметр қалыңдықта жайып ауада немесе 35°C аспайтын температурада астық кептіргіштерде кептіреді.	10-17	Салқын жерде таза қаптарда, жәшіктерде. Ең сенімді тәсіл құм салынған жәшіктерде сақтау	2	8-12
Бұталы туша курай						
9	Жеміс беретін бұтақтарды күзде және қыста қолға қолғап киіп жинайды	Жеміс бұтақтарын кептіріп, електерден өткізіп, тазалайды (себу ашылмаған дәнмен жүргізіледі)	60-70	Ұзақ сақтау үшін бітеу жабылатын шыны шөлмектерде; алғашқы көктемде себу үшін - қағазқаптарда, жәшіктерде	3-4	11-12
Салпыншақ қайың						
		Сырғаларды жақсы желдетілетін жерлерде 5 сантиметр қалыңдықта жайып немесе бұтақтармен бірге іліп кептіреді. Кептірілген сырғаларды				

10	<p>ТОТБ объектілері мен қалыпты алқағаштарды а сырғаларды өсіп тұрған ағаштардан қолмен үзіп немесе секаторлармен және бұтақ кескіштермен кесіп, тұқым шашыла бастағанға дейін 10-15 күнтізбелік күн қалғанда жинайды (сырғаларды майыстырған да олар ішінара шашыла бастайды)</p>	<p>тырмамен араластырады, қаптармен үгітеді немесе сілкиді; буылған сырғаларды үгітеді. Жапырақтарын, бұтақтарын, өзектерін және басқа дәрі қоспаларды тұқыммен қабықтарын електен өткізу арқылы алып тастайды. Қайың тұқымын 2-3 миллиметр дөңгелек тесікті електерде тазартуға болады. Үлкен партиялар дайындау кезінде сырғаларды өңдеуді (қанатсыздандыра отырып) тұқым тазалайтын машиналарда жүргізу ұсынылады.</p>	<p>Қабықты – 90; қабықсыз – 30-40</p>	<p>Бітеу және жабықтыдыста. Хлорлы кальций құйылған осындайдыста. Жиналған жылы немесе келесі көктемде себу үшін - құрғақ, салқын үй-жайда ағаш жәшіктерде қалыңдығын 4 сантиметр қағаз салып сақтайды.</p>	1-2	7-8
Үлпек қайың						
11	<p>Сырғаларды өсіп тұрған ағаштардан қолмен үзіп немесе секаторлармен немесе бұтақкескіштермен кесіп жинайды. Піскен сырғалар ағашта ұзақ</p>	<p>Бұл да салпыншақ қайың сияқты</p>	<p>Қабықты – 20; үлпек – 30-40</p>	<p>Бұл да салпыншақ қайың сияқты</p>	-	

	тұрады, сондықтан жинауға асықпауға болады				1-2	
Кәдімгі қынаағаш						
12	Жемісі піскен соң қолмен жинайды	Жидектерді електен өткізіп, сумен жуады, електе қалыңдығын 1,5-2 сантиметр етіп жайып кептіреді немесе жидектерді електен өткізген соң мезга бар тұқымды кептіріп, сұрыптайды. Жемістердің үлкен партиясын тұқым тазалайтын машиналарда өңдеуге болады, өңдеуден кейін тұқымды жуу керек	8-18	Бітеу және жабықтықта, ағаш жәшіктерде. Таза қаптарда сақтауға болады	1-2	8-10
Кәдімгі долана						
13	Жемістер піскен кездегі қалыпты түсіне бояла бастағанда оларды ерте күзде себу үшін; ұзақ сақтау үшін - толық піскен кезде жинайды. Секаторлардың ұзын	Жемістер жеміс қырғыштарда немесе електерде қолмен үгітіледі, ағаш ыдыста қолмен езіледі. Үлкен партиялар өңдеу үшін тұқым тазалайтын машиналар пайдаланылуы мүмкін.	15-20	Таза қаптарда, ұрада, жәшіктерде		10-12

	сырықты кескіштердің көмегімен немесе сатылардан жиналады.	Тұқымды 2-3 сантиметр қалыңдықта жайып, жуады, кептіреді және сұрыптайды.			2	
Аюбадан: кәдімгі, қызыл, қара						
14	Піскен жемісті бұтақтарын қолмен үзіп алады немесе секатормен себетке не төселген төсеніштерге кесіп түсіреді.	Жемістерді ағашыдыстарда немесе астауларда ағаш қалақтармен араластырады, електерден өткізеді, жеміс қырғыштарда өңдейді. Тұқымды сумен жуып, шүберек тартылған рамаларға 1 сантиметр қалыңдықта жайып, кептіреді, сұрыптайды.	Қызыл аю: бадам – 3-5; қара – 2-6	Бітеу және жабық ыдыста; ағаш жәшіктерде	2	8-10
Шие: бұталы, далалық, кәдімгі						
		Сүйектерді жемістерден сүйек алу машиналарын да немесе жеміс қырғыштарын да ажыратып алады. Аз мөлшерде дайындау кезінде сүйектер қолмен ажыратып алынады немесе жемісті ағашыдыста мыжиды, ал				

15	<p>Піскен жемісті бұтақтан үзіп, қолмен жинайды. Жеміс бақтарында жеміс жинау машинасын қолданылады.</p>	<p>сүйектегі жеміс жұмсағын елек арқылы жуып шаяды. Жемісті жинаған соң 1-2 күнтізбелік күн бойы өңдейді. Егер тұқымдар жиналған соң бірден себуге арналмаса, оларды елекке қалыңдығын 2 - 4 сантиметрге жайып кептіреді және сұрыптайды. Тұқымның үлкен партияларын өңдеу кезінде салқын тәсілмен ілеспе өнім (пюре, шырындар) ала отырып дайындайды.</p>	<p>Шие: бұталы - 12-15; кәдімгі - 12-20</p>	<p>Таза қаптарда, жәшіктерде, қоймаларда</p>	2	10-12
Шегіршін: жылтыр; жапырақты, қарағаш; ұсақ жапырақты, бұжыр жапырақты						
16	<p>Жемістерін қанаттары сарғая бастаған күннен 5-10 күнтізбелік</p>	<p>Жемістерді қоспалардан, ал жер бетінен жинағанда електі пайдаланып топырақ түйірлерінен тазартады. Содан кейін жемісті 3-5 сантиметр қалыңдықта жайып кептіреді. Қанатсыздандырылған тұқымды себу үшін жемісті</p>	<p>Шегіршін: жылтыр – 40; жапырақты – 60; ұсақ жапырақты – 50-70;</p>	<p>Тұқым жиналған соң бірден себіледі. Келесі жылдың көктемінде дейін сақтау қажет болса, тұқымды кептіріп, хлорлы кальций құйылған бітеу және</p>	-	7-8 сақтау үшін 4-6

	күн ішінде жинайды	тұқым тазарту машиналарын да өңдеуге немесе ұсақ ұялы електен өткізу арқылы қолмен өңдеп, желдеткіштер немесе жел арқылы сұрыптауға болады.	бұжыр жапырақты – 40-50	жабық шөлмектерде сақтайды (10 литр шөлмекке 100 грамм хлорлы кальций).		
--	--------------------	---	-------------------------	---	--	--

Кәдімгі қарамала

17	Піскен жемістерді өсіп тұрған ағаштардан жинайды	Жемістерді күн көзінде желдетілетін орында немесе бүркептіргіште 30-35°C температурада кептіреді; тұқым тазалау машинасында немесе үгіткіште не жеңіл таяқпен брезентке сабалау арқылы қолмен өңдейді. Тұқымды коспалардан електе тазалайды.	20-25	Қағаз қаптарда, үлкен партияларын - жәшіктерде, қоймаларда	4-5	11-12
----	--	--	-------	--	-----	-------

Кәдімгі алмұрт

		Шағын тұқым партияларын дайындағанда жемісті ағашыдыста езеді немесе електе жонады. Әдетте тұқымды 2 рет жуып, шүберек тартылған рамада қалыңдығын 1 сантиметрге дейін етіп				
--	--	---	--	--	--	--

18	Жемісті әбден піскен кезінде соң өсіп тұрған ағаштардан жинайды.	жайып кептіреді, сұрыптайды және сорттайды. Тұқымды сорттап алудың құрғақ тәсілінде қолданады: жемісті ұсақ бөліктерге кесіп, күн көзіне кептіреді және ұсақталған массаны үгітіп, електеп өткізеді. Тұқымның үлкен партияларын бір мезгілде шырындар немесе поре алумен (ыстық әдіспен емес) әзірлейді.	0,8-1,0	Ұзақ сақтау үшін бітеу және жабық шыны шөлмектерде. Таза қаптарда (көктемге дейін қыста сақтау үшін) сақтауға жол беріледі.	2-3	10
